

жауынгерден генерал-майор дәрежесіне көтерілді. М.Зайсановтың ерлік даңқын есте сақтау үшін Монғол Халық Армиясының 60 жылдық мерей тойына орай Баян-Өлгей аймағы Ұланқұс сұмындық 11 жылдық орта мектебіне оның есімі берілді. М.Зайсанов Моңғолияның елдігін ғана емес, сонымен қоса қазақ халқының абырой-намысын қорғауда ерен ерлік жасаған тұлға екендігі сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қайратұлы Б. Сталин марапаттаған қазақ // <https://egemen.kz/article/308475-stalin-marapattaghan-qazaq>
- 2 Приказы Верховного Главнокомандующего в период Великой Отечественной войны Советского Союза. Сборник. – М.: Воениздат, 1975. – С. 514-519
- 3 Рахметұлы Ш. Генерал Зайсанов // [https://military-kz.ucoz.org/publ/kazakhi\\_i\\_drugie\\_tjurki\\_v\\_inostrannykh\\_armijakh/zarubezh/general\\_zajsanov](https://military-kz.ucoz.org/publ/kazakhi_i_drugie_tjurki_v_inostrannykh_armijakh/zarubezh/general_zajsanov)
- 4 Дүргінбайұлы Қ. Ұлт батыры болған ұшқыш Зайсановты білесіз бе? // <https://didar-gazeti.kz/ult-batyry-bolghan-ushqysh-zajsanovty-bilesiz-be/>
- 5 Уатханұлы Қ. Ер есімі - ел есінде! // <https://egemen.kz/article/234062-er-esimi-%E2%80%93-el-esinde!>
- 6 Даваасүрэн Б. Генерал Зайсанов. – Улан-Батор, 1984. – 34 б.

### ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС-МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫ

Серікова Ш.Ж., 3 курс студенті

Стамбулов С.Б., PhD, қауымдастырылған профессор

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды, Қазақстан

1921 жылғы Моңғол Халық революциясы, 1921 жылдың 5 қарашасында Моңғолия мен жас Ресей арасында достық қарым-қатынас орнату туралы келісімге қол қойылды, ол екіжақты қатынастардың негізін қалады. Екі жақты қатынастарының орнауы және олардың кейінгі оқиғалар XX ғасырдың бірқатар негізгі тарихи дамуы барысын айқындады. 1924 жылдан бастап Кеңес Одағы және Моңғол Халық Республикасы идеологиялық және саяси қарама-қарсы мемлекеттер және күштермен қоршалған «кеңестік әлемін» құрды. Мәселе идеологиялық кеңес-моңғол ынтымақтастығы туралы емес, екі мемлекеттің нақты физикалық өмір сүруі туралы болып отыр. Бұл әлемнің беріктігі 1939 жылы Халхин-Голдағы жапондық милитаристік қауіпі жағдайында, 1945 жылдың тамыз-қыркүйек айларында жапон милитаризмін жеңумен аяқталған Екінші дүниежүзілік соғыс жағдайында да дәлелденді.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Моңғол Халық Республикасы (МХР) мен КСРО-ның әскери өзара қатынастарының ең айқын көрінісі шын мәнінде, Моңғолия Қиыр Шығыстағы әскери қақтығыстың орталығында болуы болып табылады. Жапон әскерлері соғыс жарияламастан, 1939 жылы 2 шілде күні МХР территориясына басып кіріп, кең майданмен шабуыл жасады. Жапондық Квантун армиясының Халхин-Голдағы жеңілісі КСРО мен МХР әскери ынтымақтастығының, олардың қарым-қатынастарының одақтастық сипатының артықшылықтарының маңыздылығын көрсетті.

30-жылдардың аяғында Моңғолия Азияда агрессивті саясат жүргізген Жапониямен қарама-қайшылықты қарым-қатынаста болды. Халхин-Голдағы оқиғалар оның мемлекеттік шекараларына жақын жерде 1,1 миллион адамнан тұратын Квантун армиясының орналасуы (Жапонияның барлық Қарулы күштерінің 35%) қауіп төндіруі Моңғолияны ішкі өмірін соғыс уақытындағы жағдайға бағыттауға мәжбүрледі. 1934 жылы 27 шілдеде жапондардың арандатуының күшеюі жағдайында Моңғолия Үкіметінің өтініші бойынша КСРО мен МХР арасында Кеңес Одағы мен Моңғолияға үшінші тарап шабуыл жасаған жағдайда өзара көмек

көрсету туралы ауызша джентльмендік келісім жасалды. 1936 жылы 1 наурызда И.В. Сталин «Скриппс Ховард ньюспейперс» атты американдық баспа бірлестігінің төрағасы Р. Ховардпен сұхбатында Моңғолияға қарсы жапондық ықтимал агрессиясына қатысты КСРО-ның ұстанымын былай деп баяндады: «Егер Жапония Моңғолия Халық Республикасына шабуыл жасауға ниеттеніп, оның тәуелсіздігіне қол сұқса, 1921 жылы көмектескендей Моңғолияға біз көмектесуімізге тура келеді» [1, с. 98].

1936 жылы 12 наурызда МХР Үкіметінің 1934 жылғы ауызша джентльмен келісімін заңды түрде рәсімдеу туралы өтінішіне жауап ретінде Улан-Баторда КСРО мен МХР арасында өзара көмек туралы Хаттамаға қол қойылды. Осы Хаттамаға сәйкес және Моңғолия Үкіметінің өтініші бойынша 1937 жылы қыркүйекте бұл елге кеңестік әскери бөлімдер енгізілді, олар МХР-дың оңтүстік-шығыс шекарасында орналасып, моңғол әскерлеріне 2 мың шақырымдық мемлекеттік шекараны қорғауға көмектесті [1, с.103].

1940 жылға қарай Моңғолияда ескі әлеуметтік қатынастарды еңсеру және жаналарын қалыптастыру үшін көптеген сәтті қадамдар жасалды, нәтижесінде ұлттық экономика құрылымында өзгерістер орын алды. Моңғолияның социалистік кезеңдегі сәтті дамуы Кеңес Одағымен тікелей байланысты екені анық, өйткені 1980 жылдарға дейін екі мемлекеттің қатынастары тығыз және қарқынды іске асты. Осы орайда айта кетсек, Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы моңғол-кеңес ынтымақтастығы кезеңі де ең табысты болды деуге негіз бар.

Соғыстың басталуымен Моңғол Халық Республикасы МХРП-ның (Моңғол Халық Революциялық Партиясы) X съезде (1940) белгілеген мемлекеттік даму бағдарламасын кейінге қалдыруға мәжбүр болды. 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына шабуыл жасаған күні Кіші Хурал Президиумының, МХР Министрлер Кеңесінің және МХРП ОК Президиумының бірлескен отырысында 1936 жылғы Келісімге сәйкес орыс халқына көмек көрсету туралы шешім қабылданды. Отырыста қабылданған Декларацияда Кеңес Одағына жасалған шабуылды моңғол халқы МХР-на жасалған шабуылға тең деп санайтынын мәлімдеген.

1941 жылы қарашада өткен МХРП Орталық Комитетінің пленумы ішкі ресурстарды кеңінен пайдалану кеңес майданына көмектесудің маңызды факторы болып табылатындығын атап өтті және ұн, май, тұз және киім сияқты кең таралған өнімдер мен тауарлардың өндірісін ұлғайту, бұрын Кеңес Одағынан әкелінген құрылыс материалдарын (әк, алебастр), ауылшаруашылық машиналарына арналған қосалқы бөлшектер өндіруді бастау туралы шешім қабылданды. Осы шешімдері негізінде МХР экономикасын әскери тұрғыдан қайта құру басталды [2, с. 98].

Соғыс басталғаннан кезден Ұлан-Баторда Қызыл Армияға көмек көрсету қозғалысы қалыптасты және көп ұзамай бұл қозғалыс бүкіл елге таралды және шынымен де жаппай бұхаралық сипатқа ие болды. 1941 жылдың қыркүйегінде МХР Министрлер Кеңесі жанында майданға арнайы қор құру және кеңес жауынгерлеріне сыйлықтар жіберу бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін Орталық комиссия құрылды. Әр аймақта, қалада және сомонда жергілікті комиссиялар құрылды. Сондай-ақ, Қызыл Армияға көмек қоры құрылды, оған моңғол халқы ақша, алтын және күміс бұйымдар, басқа құндылықтар, жылы киімдер, азық-түлік және т.б. жинақтала бастады. Көмекке қаражат жинау жұмыстары «Елде Қызыл Армияның көмек қорына жеке үлес қоспайтын бірде-бір адам болмауы керек» - деген ұранмен жүргізілді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ХНР КСРО-ға жан-жақты көмек көрсету үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Моңғол халқының өтеусіз экономикалық көмегі бірқатар іс шаралардан тұрды:

- Көптеген жеке тауарлар мен азық-түліктерден тұратын сыйлық эшелондарын жөнелту. Соғыс жылдарында МХР Үкіметі моңғол халқының атынан 8 эшелон (шамамен 740 вагон) сыйлықтар мен сәлемдемелер жіберді.

- Кеңес Армиясының қажеттіліктері үшін жылқыларды сату және беру. Кеңес Армиясы үшін жылқыларды сатып алу және жинау жұмыстары «Мемлекетке ең жақсы жылқыларды сатайық» - ұранымен жүргізілді.

- Әскери техниканы өндіру үшін қаражат жинау. 1943 жылы қаңтарда моңғол қаражатына 53 танктен тұратын «Революциялық Моңғолия» танк колоннасы жасақталып, сыйға тартылды, ал осы жылдың қыркүйегінде 12 «Ла-5» жауынгерлік ұшағынан «Моңғол араты» әуе эскадрильясы сыйға тартылды. Танк колоннасын жасақтауға үлес ретінде Кеңес Одағы Моңғолия халықтарының еңбегінің арқасында жиналған 300 кг алтын, 100 мың доллар және 2500 мың тугрик қабылдады. 1943 жылы шілдеде «Моңғол араты» әуе эскадрильясын жасақтауға кеңес үкіметіне 2 миллион тугрик берілді. Соғыс жылдарында Моңғол үкіметі танк бригадасы мен әуе эскадрильясының жеке құрамын үш рет (1943 жылдың желтоқсанында, 1944 жылдың сәуірінде және 1945 жылдың қаңтарында) 2 миллион тугрик көлемінде қаражат жіберген. Сонымен қатар, әскери бөлімдердің жауынгерлеріне арнайы сыйлықтар берілді.

- Жаудан босатылған аудандарға, соғысқа қатысушылары мен мүгедектеріне көмек. Соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары соғыс мүгедектері мен жауынгер жетім балаларға көмек қорына 5 миллион тугрик пен мыңдаған мал, көп мөлшерде жылы киім жіберілген. Моңғолия территориясында тұратын майданға кеткен кеңес азаматтарының отбасылары, сондай-ақ соғыс мүгедектері тұрақты зейнетақымен қамтамасыз етілді [3, с.101].

Моңғол халқының Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы майданға көмектесу мәселесін көптеген дереккөздер негізінде зерттеуші Н. Хишигт 2010 жылы «От Халхин-Гола до Линкора Миссури» атты ғылыми зерттеулер жинағында жарияланған мақаласында жан-жақты толық қарастырады. Онда Н. Хишигт былай деп жазады: «Егер біз моңғол халқының КСРО мен оның Қызыл Армиясының қайтарымыз материалдық көмегіне назар аударсақ, келесідей деректерді кездестіреміз: 1946 жылы 30 қазанда Улан-Батордың партиялық белсенділерінің жиналысында үкімет төрағасы Ю. Цэдэнбал 65 миллион тугрик көлеміндегі жалпы сомасын атап айтады. Кейінірек, 1947 жылы 30 мамырда КСРО Қарулы Күштері министрлігінің Сыртқы қатынастар басқармасы «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы КСРО мен МХР арасындағы өзара көмек туралы анықтама» дайындады, онда Кеңес Одағына жалпы қайтарымыз көмек 65.770.060 тугрик (86.421.859 рубль) екендігі көрсетілген. Сонымен қатар, МХР Үкіметі Отан соғысы жылдарында Кеңес Одағына 437.189 жылқыны мемлекеттік бағамен сатты, жалпы құны шамамен 88.000.000 тугрик көлемін құрады». «Көріп отырғанымыздай, моңғол халқының қайтарымыз көмегі туралы айтылған дереккөздер 65 миллион тугрикке жақындайды, бұл зерттеудің осы кезеңдегі ең сенімді деректер деп санауға болады, дегенмен бұрын тағы бір көрсеткіш - 435 миллион тугрик деп көрсетілген. Соғыс жылдары моңғол халқының Кеңес Одағына жіберген қайтарымыз көмегінің нақты көлін анықтау уақытты қажет етеді, себебі бұл мәселеге қатысты материалдар өте аз зерттелген. Қазіргі кезеңде анықталған деректердегі материалдар өте шашыраңқы және қосымша талдауды қажет етеді. Бұл жағдайда кейбір деректер жалпы соманы көрсетеді, ал басқа мәліметтер сыйлықтардың түрлері мен мөлшері туралы ғана мәліметтер береді. Сондықтан қолда бар материалдардың көлемімен ғана шектелуге мәжбүрміз» [4, с.54].

Моңғол Халық Республикасының көмегі Ұлы Отан соғысындағы кеңес халқының жеңісіне қосқан теңдеусіз үлесі болды. Мұны ресейлік зерттеушілердің еңбектері де растайды. Ресей тарихшысы В. Суворов: «Кейде негізгі одақтастары АҚШ және Ұлыбританиямен қатар Сталиннің тағы бір жақын одақтасы Моңғолия болғанын ұмытып кетеміз. Бұл одақтас Америкадан кем емес десек, артық айтқандық емес. Моңғолия елі қой малына бай. Қой жүні - жылы киім тігетін стратегиялық өнім. Соғыс кезінде бұл стратегиялық өнім танкке немесе артиллерияға қарағанда көбірек бағаланады. Ұрыстың нәтижесі жылы қой терісінің болуына байланысты болуы мүмкін кездер болады, яғни жеңіс немесе жеңіліс үшін. Моңғолиямен тығыз байланыста болғандықтан, Сталин бұл өнімнің жетіспеушілігін сезбеді» [5, с. 101].

Айта кету керек, соғыс жылдарында Жапония Моңғолия шекарасына жақын жерде көптеген әскерлер шоғырландырып, Хаалган, Рашаан, Жанчху (Чжанцзяцзе гоу) тауларында

ірі бекіністер тұрғызуына байланысты Моңғолия өзінің Қарулы Күштерін нығайту шығындарын күрт арттырды. Моңғолия өз әскері мен милициясына бюджеттің 50% - дан астамын жұмсады, армия саны үнемі өсіп, соғыстың соңына қарай 3,4 есе өсті. Соғыс бойы Моңғолияда Кеңес Одағының 17-ші армиясының әскерлері орналасты, олар Квантун армиясына қарсы тосқауыл ретінде қарастырылды. Моңғолияның қорғаныс қажеттіліктері үшін қайтарымсыз көмек ретінде Кеңес Одағы 1941-1945 жылдары 100 миллион рубль сомасында заманауи жауынгерлік қару-жарақ пен техниканы жеткізді. Қарулы күштерді нығайту қажеттілігіне байланысты кеңестік әскери мамандардың саны 1941 жылдың басында 239 болса, сол жылдың шілдесінде 930-ға дейін өсті [6, с. 72].

Сондай-ақ, соғыс жағдайына қарамастан, Кеңес Одағы өз кезегінде Моңғолияның дамуына көмек көрсетуін одан әрі жалғастырды. Оның көмегімен кейбір мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар кеңейтіліп, қайта жаңартылды, бірқатар жаңа индустриялық нысандар салынды, мысалы, жүн жуу фабрикасы, Улан-Батор комбинаты жанындағы былғары тауарлары фабрикасы, алебастр өндіру цехы, Ұзынбұлақ жеріндегі көмір шахтасы және т.б. 1943 жылы КСРО көмегімен құрылған Сонгин биокомбинаты жұмыс істей бастады, ол жергілікті филиалдарымен бірге елдің вакциналар мен сарысуларға деген қажеттілігін қамтамасыз етті. Сондай-ақ, КСРО көмегімен 1942 жылы Моңғолияның алғашқы жоғары оқу орны - Моңғол мемлекеттік университеті ашылғанын атап өткен жөн.

Соғыс уақытында Кеңес Одағының көмегімен Улан-Батыр - Алтан-бұлақ және Чойбалсан-Улдзэй тас жолдарының, сондай-ақ, МХР-дың әртүрлі өзендері арқылы өтетін 60-тан астам көпірдің (Селенгу, Забхан, Хобдо және т.б.) құрылысы аяқталды. Соловьевск-Баянтумэн (Чойбалсан) кең табанды теміржолы тар табанмен Тамцаг-Булакқа дейін жалғастырылды. Моңғолияны Борзя станциясындағы транссібір магистралімен байланыстыратын бұл жол 1945 жылы тамызда Жапонияның Квантун әскерлеріне қарсы соғыс қимылдары кезінде әртүрлі қажетті құрал жабдықтар мен тауарларды экспорттық-импорттық тасымалдау үшін, жауынгерлік техника мен әскерлерді тасымалдау үшін де пайдаланылды.

Кеңес Одағы Моңғолияға өнеркәсіпті дамытуға көмек көрсеуін жалғастырды. 1941 жылы маусымда КСРО мен МХР үкіметтері арасында Моңғолияның Көмір өнеркәсібін дамытуға көмектесу туралы келісім жасалды. Ескі көмір шахталарында көмір өндіруді күрт арттыру қажеттілігіне байланысты көптеген ұйымдастырушылық және техникалық мәселелерді тез шешуге білікті кеңес мамандары көмектесті. Осылайша, Улан-Батордың қасында Налайх қалашығында негізінен ескі шахталарды кеңейту және қайта жабдықтау есебінен көмір өндіру айтарлықтай өсті.

1941-1945 жылдары МХР Ғылым комитеті кеңестік геологтардың көмегімен елдің шығысында он екі геологиялық барлау экспедициясын ұйымдастырды, нәтижесінде көмір, темір, қалайы, күкірт, мыс, алтын, вольфрам, флюорит және басқа да пайдалы қазбалардың кен орындары ашылды. Бұл жерлерде жаңа шахталар салынды, олар өнеркәсіп пен теміржол көлігінің қажеттіліктері үшін көмір бере бастады. 1941 жылдан 1946 жылға дейін көмір өндіру 70% - дан астамға өсті [5, с. 98].

Екі елдің саудасы Ұлы Отан соғысына дейін қарқынды дамыды. 1940 жылы екі елдің сауда айналымы 170.6 миллион рубльді құрады, оның ішінде Моңғолиядан экспорт 52,3 миллион рубльді, ал импорт 118,3 миллион рубльді құрады. КСРО тауар айналымындағы Моңғолияның үлес салмағы 6%, ал Қытай сол кезде 5,4% құрады. Кеңес Одағы Моңғолияға машиналар, жабдықтар, мұнай өнімдері мен тұтыну тауарларын, ал Моңғолия өз кезегінде Кеңес Одағына мал шаруашылығы тауарлары мен өнімдерін – ет, жүн, былғары шикізатын және т.б. тасымалдап отырды. Соғыс басталғаннан кейін КСРО МХР-на экспорттың жалпы көлемін едәуір қысқартуға мәжбүр болды. Кеңес Одағы өзінің ұлттық өнеркәсібі өндірімеген тауарларды, ең алдымен электротехникалық және радиотехникалық жабдықтарды, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне арналған жабдықтарды, металл кесетін станоктар мен құралдарды жеткізуді жалғастырды. Бұл бағыттардағы кәсіпорындарға әдеттегідей жұмыс істеуге мүмкіндік берді. 1942 жылдан бастап импорт әрқашан экспорттан асып түсті. Нәтижесінде,

Моңғолияның сыртқы саудасында Кеңес Одағынан жеткізілетін өнімдерді қысқарту және экспортты ұлғайту принципі сақталды. Мал басы экспортының 3,2-4,3 есе және жүннің 1,7-2,2 есе ұлғаюы [2, с. 104] соғыс жылдарында Кеңес Одағына тауарлардың жалпы экспортының өсуінің негізгі көзі болды.

Соғыс жылдарында ішкі қорларды жұмылдыру нәтижесінде ұлттық өнеркәсіптік өнімдер күрт өсті, бұл 1941 жылы Моңғолияда өндірілген өнеркәсіптік өнімдер елдің жалпы тауар айналымында 4%, ал 1945 жылы 30% иеленгендігімен дәлелденді. Соғыс жылдарында келесі салалар қарқынды дамыды [3, с.104]:

- Тамақ өнеркәсібі. 1941 жылдан бастап сүт цехтары мен қаймақ зауыттарының саны күрт өсті. Елдегі тамақ өнеркәсібінің өсуі туралы келесі деректер бар: 1940 жылы 24 тамақ өндірісі кәсіпорны болды, 1944 жылы 330, ал 1945 жылы 423 болды. Соғыстың соңына қарай бұл сала МХР барлық өнеркәсіп өнімінің 43% берді.

- Қарапайым қолөнер кооперациясы. Егер 1940 жылы елде 147 артель болса, 1944 жылы олардың саны 172 болды. Жергілікті шикізат ресурстарын пайдалана отырып, кооперативтік артельдерде тұтыну тауарларының өндірісін үздіксіз арттырды. Тек 1942-1943 жылдары кәсіптік кооперациясының артельдері тауарлардың 104 жаңа түрін, оның ішінде әртүрлі кодтарды, киізден жасалған аяқ киімдерді, бас киімдерді, тоқыма бұйымдарын және т.б. өнімдерді шығаруды игерді. Соғыс жылдарында олардың өнімдері барлық өнеркәсіптік өнімдердің 20% - дан астамын құрады.

- Елдің ауыл шаруашылығы нығайды. 1941-1945 жылдары егіс алқаптары 2,5 есе ұлғайды, сондай-ақ бақша дақылдарының аумағы едәуір кеңейді, көкөніс жинау 4 есе өсті. Егер 1941 жылы елде 96 бірлестік болса, 1944 жылы -108, ал мүшелер саны 2,3 мыңнан 5,3 мыңға дейін өсті. 1945 жылы елде барлығы 11 мемлекеттік шаруашылық жұмыс істеді [3, с. 104].

Соғыс жылдарында мемлекеттік бюджеттің кірісі едәуір өсті: егер 1941 жылы олар 176,8 миллион тугрик болса, 1945 жылы - 315 млн. көлемін құрады. Бұл деңгейге халықтың салықтық түсімдері мен несиелерінен емес, мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындардан түсетін түсімдердің ұлғаюы есебінен қол жеткізілді. Алайда, қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, осы кезеңде мал саны 6,2 миллион басқа азайды, бұл соғыстың салдары деуге болады. Республиканың моңғолдық өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы өндірген өнімнің көп бөлігі кеңес-герман майданының қажеттіліктеріне, өздерінің әскери-қорғаныс қажеттіліктеріне жұмсалды [6, с. 73].

1941-1945 жылдардағы ауыр соғысқа қарамастан, елдер арасындағы ынтымақтастық әлсіреп қана қоймай, нығая берді деп қорытынды жасауға болады. Моңғолия Кеңес Одағына қолдан келгенше көмек көрсетіп, өз экономикасын ішінара әскери тәртіпке көшірді. Өз кезегінде Мәскеу МХР экономикасы мен қарулы күштерін дамытуға қатысуды жалғастырды.

Жалпы Екінші дүниежүзілік соғыстың маңызды құрамдас бөлігі Моңғолияның Қиыр Шығыстағы соғыстың соңғы кезеңіне қатысуы болды. 1945 жылы ақпанда ұлы державалардың Ялта конференциясында «Германия тізе бүгіп, Еуропадағы соғыс аяқталғаннан кейін екі-үш айдан соң Кеңес Одағы сыртқы Моңғолияның (Моңғол Халық Республикасы) мәртебесі сақталған жағдайда одақтастар жағында Жапонияға қарсы соғысқа кіріседі» - деген келісімге келді. Қытайда билік құрған Гоминдаң партиясы мұны Сыртқы Моңғолия Қытайдың құрамына кіретін 1924 жылғы Кеңес-қытай келісімінің ережесін сақтау деп санады. Алайда, КСРО Ялтадағы келісімді басқаша түсіндіру керек дей отырып, келісім мәтініндегі «Моңғол Халық Республикасы» сөздерінің болуы, Кеңес Одағының пікірінше, Ұлыбритания мен АҚШ-тың МХР тәуелсіздігін мойындауын білдіреді.

1945 жылы 8 мамырда фашистік Германияның капитуляциясы Жапонияны әскери одақтасынан айырды. Милитаристік Жапонияны жеңу Гитлерге қарсы коалициядағы одақтастар үшін бірінші кезектегі міндет болды. Осы уақытта Жапонияның жедел әрекет ететін жеті миллион армиясының қарамағында 10 мың әскери ұшақ, 500 әскери кеме болды.

1945 жылы 10 тамызда МХР Жапонияға қарсы соғыс жариялап, Маньчжур операциясына қатысу үшін майданға 80 мың адамды жіберді. Бұл күштер Кеңес Одағының

Батыры, генерал-полковник И.А. Плиевтің басшылығымен Кеңес-моңғол атты механикаландырылған тобының құрамына енгізілді және 1945 жылы тамызда жапон-маньчжур әскерлерімен шайқастарға қатысты. Соғыс кезінде МХР-дың 200-ге жуық сарбаздары мен офицерлері қаза тапты, ал үш әскери қызметкері Моңғол Халық Батыры атағына ие болды Республика [6, 73].

МХР-дың Жапонияға қарсы соғысқа қатысуының маңызды саяси нәтижелерінің бірі Қытайдың МХР тәуелсіздігін мойындауы болды. Тамыз айында КСРО мен Қытай келісім жасасты, оған сәйкес қытай бүкілхалықтық референдум өткізілген жағдайда МХР тәуелсіздігін мойындауға келісті.

Осылайша, Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Кеңес Одағы мен Моңғолия арасындағы қатынастар өзара экономикалық негізде көмек берумен сипатталатынын көруімізге болады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Советско-монгольские отношения. 1921-1974. Документы и материалы. (1921-1940.). – М., 2011. – 564 с.
- 2 Курас Л. В. Монголия во Второй мировой войне: современная российско-монгольская историография // От Халхин-Гола до линкора «Миссури». – Улан-Удэ, 2010. – 255 с.
- 3 МНР в годы Великой Отечественной войны Советского Союза: сб. док. – Улан-Батор, 1954. – 201 с.
- 4 Российско-монгольское военное сотрудничество 1911–1946: документы и материалы. – М.; Улан-Удэ, 2008. – 114 с.
- 5 Хишигт Н. Движение монгольского народа за помощь фронту Великой Отечественной войны // Вторая мировая война и Монголия: Сборник статей. – Улан-Батор, 2007. – 356 с.
- 6 Хишигт Н. Помощь монгольского народа Советскому Союзу в годы Великой Отечественной войны // Монголия во Второй мировой войне: фотоальбом / науч. ред. Ч. Дашдаваа, Л. В. Курас. – Иркутск, 2011. – С. 71–74.

## ГЕНЕРАЛ САБЫР РАҚЫМОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (1902-1945 ЖЖ.)

Смағұлов Н.Б., PhD, профессор ассистенті  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды, Қазақстан

Адамзат баласына орасан зор қайғы-қасірет әкелген ІІ-ші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 80 жыл толып отыр. Келмеске кеткен Кеңес Одағы кезінде ІІ-ші дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданы деп аталуы тиіс, бірақ кеңестік идеологияның әсерінен Ұлы Отан соғысы аталған майданда бабаларымыздан қалған батырлық дәстүрге адал болып, қазақ халқының рухын асқақтаған батыр ұл-қыздарымыз өте көп болды.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстаннан 1374164 адам әскер қатарында болып неміс-фашист басқыншылығы мен жапон милитаристеріне қарсы майдан даласының алғы шептеріндегі соғыстарға қатысты. Сол ерлік пен қаһармандықтың сара жолын жалғастырушының бірі – Ұлы Отан соғысы жылдарында Орта Азия елдерінің оның ішінде қазақ халқының арасынан шыққан тұңғыш генерал, дивизия командирі, Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рақымов. Ұлы Отан соғысы жылдарында ірі әскери құрамалар болып саналатын полк, дивизияға қолбасшылық жасаған қазақ халқының қаһарман ұлының есімі бүгінде елімізге оралды.

Генерал-майор Сабыр Омарқұлұлы Рақымов Ұлы Отан соғысы жылдарында ірі әскери құраманы басқарған қаһарман қолбасшы, шебер стратег. Соғыстың ең ауыр кезеңдерінде Жоғарғы Бас Қолбасшының бұйрығымен қазақ халқының батыр ұлы Сабыр Рақымов 395, 47, 37 атқыштар дивизияларының командирі болып тағайындалады. Атап айтсақ 1942 жылдың 1